



Номгон-2 ғұрыптық кешені Құтлық қаған бітіктасының көне түрік бітік жазулы, соғдыша және қытайша мәтіндері

© 2025 ж. Мұстафаев Ш., Энхтөр А., Базылхан Н., Мөрөн Б., Батболд Г., Бөгенбаев Н., Буянхишиг Ц., Барс М., Цуй Нинг, Шугар

Keywords: archaeology, the Old Turkic bitig script, Sogdian text, Chinese text, Elterish Qutluk Khagan (682–695), the Second Turkic Khaganate, Nomgon-2 memorial complex, archaeological excavations, textology

Түйін сөздер: археология, көне түрік бітік жазуы, соғдыша мәтін, қытайша мәтін, Құтлық Елтеріс қаған (682–695), Екінші Түрік қағандығы, Номгон-2 ғұрыптық кешені, археологиялық қазбалар, мәтінтану

Ключевые слова: археология, древнетюркская письменность, согдийский текст, китайский текст, Кутлуг Эльтерис-каган (682–695), Второй Тюркский каганат, поминальный комплекс Номгон-2, археологические раскопки, текстология

Shahin Mustafayev¹, Altanagerel Enkhtur², Napil Bazylkhan^{1*}, Borjigitay Murun³, Gonchig Batbold², Nurbolat Bogenbayev¹, Tserenhand Buyankhishig², Maamhuu Bars², Tsuy Ning³, and Sugar³

¹Prof., Dr., President of the Turkic Academy, Astana, Kazakhstan

ORCID: [0000-0002-1604-5858](https://orcid.org/0000-0002-1604-5858) E-mail: office@twesco.org

²Prof., Dr., Institute of Archaeology of the Mongolian Academy of Sciences, Ulaanbaatar, Mongolia

ORCID: [0000-0001-5329-6659](https://orcid.org/0000-0001-5329-6659) E-mail: aenkhtur2001n@gmail.com

^{1*}Corresponding author, Dr., Turkic Academy, Astana, Kazakhstan

ORCID: [0000-0001-7231-1201](https://orcid.org/0000-0001-7231-1201) E-mail: napilbaz@gmail.com

³Prof., Dr., Inner Mongolia University, Hohhot, China E-mail: Cuning0326@163.com

²PhD, Institute of Archaeology of the Mongolian Academy of Sciences, Ulaanbaatar, Mongolia

ORCID: [0000-0003-4698-5936](https://orcid.org/0000-0003-4698-5936) E-mail: boldoog@gmail.com

¹PhD, Turkic Academy, Astana, Kazakhstan ORCID: [0000-0003-3600-1737](https://orcid.org/0000-0003-3600-1737) E-mail: nurik198080@mail.ru

²Researcher, Institute of Archaeology of the Mongolian Academy of Sciences, Ulaanbaatar, Mongolia

ORCID: [0000-0001-9974-7400](https://orcid.org/0000-0001-9974-7400) E-mail: buyaka345@gmail.com

²Researcher, Institute of Archaeology of the Mongolian Academy of Sciences, Ulaanbaatar, Mongolia

ORCID: [0009-0004-4348-9800](https://orcid.org/0009-0004-4348-9800) E-mail: Maamkhuubars85@gmail.com

³PhD, Inner Mongolia University, Hohhot, China E-mail: baowensheng2005@163.com

³PhD, Inner Mongolia University, Hohhot, China E-mail: shvgra@163.com

The Old Turkic bitig script, Sogdian and Chinese text of the inscription of Qutluk Khagan from the Nomgon-2 memorial complex

Since 2019, the Turkic Academy and the Institute of Archaeology of the Mongolian Academy of Sciences have been conducting archaeological research on the Nomgon plain (Arkhangai district, Mongolia). During excavations of the Nomgon-2 ritual complex in 2022, the upper part of a stele depicting two wolves was discovered. The inscriptions on the stele were read as “Qutluk Kagan, Turk... son of Tengri...” in a 19-line text written in Old Turkic bitig script, and as “Qutluk Kagan...” in a 6-line Sogdian text. The upper part of this stele, along with other artifacts, provided scholarly grounds for identifying the site as a kagan memorial complex. In 2023, the lower part of the stele was also discovered during reconnaissance work of the joint expedition. However, the Old Turkic inscription on it was heavily damaged and is nearly indecipherable. Fortunately, on the reverse side of the stele, a text in Chinese characters has been partially preserved and can be read to some extent. In 2024, a presentation of the inscriptions and artifacts discovered at the Nomgon-2 memorial complex took place in Ulaanbaatar. Research on deciphering the Chinese text began in 2025. The Old Chinese inscription on the reverse side of the lower part of the stele is written top to bottom, with lines arranged from right to left. Lines 3 to 8 are partially legible. This part of the stele



contains a total of 15 lines, each with approximately 24 characters, amounting to about 290–300 characters in total. Preliminary readings suggest that parts of lines 3–8 can be deciphered. Notably, the word “Turk” and the title “Qutluk” (rendered in Chinese transcription as “Gu-du-lu”) were identified in line 4 of the Chinese text. This discovery provides further confirmation that the Nomgon-2 memorial complex belongs to the Old Turkic period, most likely dating to the reign of Elterish Qutluk Kagan (682–695), the founder of the Second Turkic Khaganate. Joint research by the Turkic Academy and the Institute of Archaeology of the Mongolian Academy of Sciences in the Nomgon valley (Mongolia) will be continued.

For citation: Mustafayev, S., Enkhtur, A., Bazykhan, N., Murun, B., Batbold, G., Bogenbayev, N., Buyankhishig, T., Bars, M., Ning, T., Sugar. 2025. The Old Turkic bitig script, Sogdian and Chinese text of the inscription of Qutluk Khagan from the Nomgon-2 memorial complex. *Kazakhstan Archeology* 3 (29), 21–39 (in Kazakh).

DOI: [10.52967/akz2025.3.29.21.39](https://doi.org/10.52967/akz2025.3.29.21.39)

Шахин Мустафаев¹, Алтангэрэл Энхтөр², Нәпіл Базылхан^{1*}, Боржигитай Мөрөн³, Гончиг Батболд², Нұрболат Бөгенбаев¹, Цэрэнханд Буянхишиг², Маамхүү Барс², Цүй Нинг³, Шугар³

¹тарих ғылымдарының докторы, профессор, Түркі академиясының Президенті, Астана қ., Қазақстан

²тарих ғылымдарының докторы, профессор, Моңғолия Ғылым академиясы Археология институты, Ұланбатыр қ., Моңғолия

^{1*}корреспондент авторы, филология ғылымдарының кандидаты, Түркі академиясы, Астана қ., Қазақстан

³тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ішкі Моңғолия университеті, Хөххот қ., Қытай

²PhD, Моңғолия Ғылым академиясының Археология институты, Ұланбатыр қ., Моңғолия

¹ PhD, Түркі академиясы, Астана қ., Қазақстан

²магистр, Моңғолия Ғылым академиясы Археология институты, Ұланбатыр қ., Моңғолия

²ғылыми қызметкер, Моңғолия Ғылым академиясы Археология институты, Ұланбатыр қ., Моңғолия

³PhD, Ішкі Моңғолия университеті, Хөххот қ., Қытай

³PhD, Ішкі Моңғолия университеті, Хөххот қ., Қытай

Номгон-2 ғұрыптық кешені Құтлық қаған бітіктасының көне түрік бітік жазулы, соғдыша және қытайша мәтіндері

Түркі академиясы және Моңғолия Ғылым академиясы Археология институты бірлескен экспедициясы 2019 жылдан бері Моңғолияның Архангай аймағы Хашаат сұмыны Номгон жазығындағы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Номгон-2 ғұрыптық кешенінде 2022 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында, екі қасқыр бейнеленген бітіктастың жоғарғы бөлігі қазбадан табылған еді. Бітіктаста көне түрік бітік жазулы 19-жолды мәтінінде («Құтлық қаған, Түрік... Тәңірі ұлы...») және 6 жолды соғдыша мәтінінде «Құтлұғ қаған...» деген атаулары анықталды. Бұл бітіктастың жоғары бөлігі және басқа да артефактілер аталмыш ғұрыптық кешеннің қаған құрметіне салынғандығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. 2023 жылы бітіктастың төменгі бөлігі де бірлескен экспедицияның барлау, іздестіру жұмысы барысында табылды. Бітіктастың көне түрік бітік жазулы алдыңғы бетінің төменгі бөлігі қатты зақымданған, тіптен оқылмайды. Ал артқы беті тұсында қытайша барлығы 15 жолды мәтін болған және әр жолда 24 иероглиф, барлығы шамамен 290–300 иероглиф қашалған болуы керек. Номгон-2 ғұрыптық кешені мен табылған бітіктастың таныстыру іс-шарасы 2024 жылы Ұланбатыр қаласында өткізілді. 2025 жылы қытайша мәтінді оқу бойынша зерттеулер басталды. Алдын ала оқылымда 3–8-ші жолдарының кейбір тұстары оқылды. 4-ші жолда «Түрік қасиетті...» және «Құтлық...» (қытайша айтылуы: «Гу-ду-лу») атаулары анықталды. Түркі академиясы мен Моңғолия Ғылым академиясы Археология институты тарапынан «Номгон-2» ғұрыптық кешені көне түрік дәуіріне қатыстылығын, әсіресе, «екінші» Түрік қағандығының негізін қалаушы Елтеріс Құтлық қағанның (682–695) құрметіне салынған болуы ықтимал деген тұжырымды қолдайды. Түркі академиясы мен Моңғолия Ғылым академиясы Археология институтының Номгон жазығындағы бірлескен археологиялық қазба жұмыстары жалғасын табады.

Сілтеме үшін: Мустафаев Ш., Энхтөр А., Базылхан Н., Мөрөн Б., Батболд Г., Бөгенбаев Н., Буянхишиг Ц., Барс М., Нинг Ц., Шугар. Номгон-2 ғұрыптық кешені Құтлық қаған бітіктасының көне түрік бітік жазулы, соғдыша және қытайша мәтіндері. *Қазақстан археологиясы*. 2025. № 3 (29). 21–39–66.

DOI: [10.52967/akz2025.3.29.21.39](https://doi.org/10.52967/akz2025.3.29.21.39)



Шаин Мустафаев¹, Алтангэрэл Энхтур², Напил Базылхан^{1*}, Боржигитай Морон³, Гончиг Батболд²,
Нурболат Богенбаев¹, Цэрэнханд Буянхишиг², Маамхуу Барс², Цуй Нинг³, Шугар³

¹доктор исторических наук, профессор, Президент Тюркской академии, г. Астана, Казахстан

²доктор исторических наук, профессор, Институт археологии Академии наук Монголии,
г. Улан-Батор, Монголия

^{1*}автор-корреспондент, кандидат филологических наук, Тюркская академия, г. Астана, Казахстан

³доктор исторических наук, профессор, Университет Внутренней Монголии, г. Хух-Хот, Китай

²PhD, Институт археологии Академии наук Монголии, г. Улан-Батор, Монголия

¹PhD, Тюркская академия, г. Астана, Казахстан

²научный сотрудник, Институт археологии Академии наук Монголии, г. Улан-Батор, Монголия

²научный сотрудник, Институт археологии Академии наук Монголии, г. Улан-Батор, Монголия

³PhD, Университет Внутренней Монголии, г. Хух-Хот, Китай

³PhD, Университет Внутренней Монголии, г. Хух-Хот, Китай

Древнетюркские битиг-надписи, согдийские и китайские тексты стелы Кутлук-кагана поминального комплекса Номгон-2

Тюркская академия и Институт археологии Академии наук Монголии с 2019 г. проводят археологические исследования на равнине Номгон (Архангайский р-н, Монголия). В ходе раскопок ритуального комплекса Номгон-2 в 2022 г. обнаружена верхняя часть стелы с изображением двух волков. Надписи на стеле были прочитаны как «Кутлук каган, Тюрк... сын Тенгри...» в 19-строчном тексте древнетюркским битиг-письмом и «Кутлук каган...» в 6-строчном согдийском тексте. Верхняя часть этой стелы и другие артефакты дали научное основание для утверждения о том, что данный археологический памятник является каганским поминальным комплексом. В 2023 г. в ходе разведочно-поисковых работ совместной экспедиции была обнаружена нижняя часть стелы. Однако древнетюркская надпись на ней в значительной степени повреждена и почти не поддается расшифровке. На обратной стороне стелы частично сохранился текст, написанный китайскими иероглифами и в определённой степени поддающийся прочтению. В 2024 г. в Улан-Баторе прошла презентация надписи и артефактов, обнаруженных на поминальном комплексе Номгон-2. Исследования по чтению китайского текста начались в 2025 г. Древнекитайский текст на оборотной стороне на нижней части стелы написан сверху вниз, строки расположены справа налево. Частичному прочтению поддаются строки с 3-й по 8-ю. На этой части стелы имеется всего 15 строк, в каждой из них примерно по 24 иероглифа (в общей сложности 290–300 иероглифов). В предварительном чтении можно сказать, что читаются некоторые части строк 3–8. Оказалось возможным идентифицировать слово «Тюрк» и титул «Кутлук» (в китайском прочтении: «Гу-ду-лу») в 4-й строке китайского текста. Данное открытие является ещё одним подтверждением того, что поминальный комплекс Номгон-2 относится к древнетюркскому периоду, скорее всего, ко времени правления Эльтериш Кутлук-кагана (682–695), основателя Второго Тюркского каганата. Совместная научно-исследовательская работа Тюркской Академии и Института археологии АН Монголии в долине Номгон (Монголия) будет продолжена.

Для цитирования: Мустафаев Ш., Энхтур А., Базылхан Н, Морон Б., Батболд Г., Богенбаев Н., Буянхишиг Ц., Барс М., Нинг Ц., Шугар. Древнетюркские битиг-надписи, согдийские и китайские тексты стелы Кутлук-кагана поминального комплекса Номгон-2. *Археология Казахстана*. 2025. № 3 (29). С. 21–39 (на каз. яз.).

DOI: [10.52967/akz2025.3.29.21.39](https://doi.org/10.52967/akz2025.3.29.21.39)

1 Кіріспе

Түркі академиясы және Моңғолия Ғылым академиясы Археология институтының бірлескен экспедициясы 2019 жылы Моңғолияның Архангай аймағы Хашаат сұмыны Номгон жазығынан көне түрік дәуірінің 9 ғұрыптық кешенін анықтаған еді. Алғашқы археологиялық қазба зерттеулерін «Номгон-2» ғұрыптық кешенінен бастаған болатын. Сөйтіп бірлескен экспедиция 2022 жылы тамыздың 20-сы күні «Номгон-2» ғұрыптық кешенінен 60 см тереңдіктен көне түрік бітіктастың жоғарғы сынық бөлігін тапты [Darhan Kıdıralı et al. 2022: 1–22]. Бұл жаңалық әлемдік түркология үшін ең маңызды олжалардың біріне айналды. Ол көне түрік бітік жазулы алғашқы ескерткіштер табылғаннан соң 133 жылдан кейін табылған жаңалық [Энхтөр және т.б. 2022: 69–86].



Түркі академиясы мен Моңғолия Ғылым академиясы Археология институтының бірлескен зерттеулері 2022–2023 жылғы маусымдары жалғасып, 2023 жылы жоғарыда аталған бітіктастың төменгі бөлігі табылды. Бұл бөлікте де жазулы мәтіндер сақталған. Алайда өкінішке қарай, қатты зақымдалған көне түрік бітік жазуы оқуға келмеді, мәтіндері әбден өшкен. Дегенмен, бітіктастың артқы жағындағы ішінара сақталған қытай иероглифтерін белгілі бір деңгейде оқудың мүмкіндігі болды. Біз бұрын көне түрік бітік жазулы және соғды жазулы мәтін жайында арнайы жариялаған болатынбыз [Қыдырәлі және т.б. 2023: 68–83].

2 Материал және зерттеу әдістемесі

2.1 Зерттеу әдістемесі

Номгон-2 ғұрыптық кешенін зерттеу барысында археологиялық, стратиграфиялық, топографиялық, картографиялық, салыстырмалы-типологиялық, тарихи-салыстырмалы әдістер кеңінен қолданылды. Қазба жұмыстарында табылған артефакттердің, бітіктастың жоғары және төменгі бөлігінің фотосуреттері мен сызба суреттері алынды. Көне түрік, соғды, қытай жазулы мәтіндердің тарихи-археографикалық салыстырмалы әдістері пайдаланылды.

2.2 Материал

«Номгон-2» ғұрыптық кешені бітіктасының жоғары және төменгі бөлігінің мәтіндері талдауға алынды. Бітіктастың мәтіндері ұстын тастың алдыңғы беті, артқы беті мен екі қырында толығымен қашалып жазылған. Алайда сақталынған мәтіндері қатты үгіліп өшкен. Осыған орай **Алдыңғы беті – I, Сол қыры – II, Артқы беті – III, Оң қыры – IV** деп шартты түрде нөмірледік.

Көне түрік бітік жазулы мәтіндері – **Алдыңғы беті – I жоғары бөлігінде:** 19 жолдан 12 жолы сақталған. Кейбір таңба-әріптер мүлдем өшкен (1-кесте).

Көне түрік бітік жазулы мәтіндері – **Сол қыры – II жоғары бөлігінде:** шамамен 3–4 жолды мәтіндердің таңба-әріптері толық өшкен.

Қытайша мәтіні – **Артқы беті – III төменгі бөлігінде** 15 жолдың 3–8 жолдары анық көрінеді. Әр жолда шамамен 24 иероглифтен бар, жалпы саны шамамен 290–300 иероглифті құрайды. Бітіктастың төменгі бөлігіндегі қытай жазуы жоғарыдан төменге қарай жазылған, ал жолдар оңнан солға қарай орналасқан (3-кесте).

Соғдыша мәтін – **Оң қыры – IV жоғары бөлігінде:** Жалпы 6 жол мәтін қашалған болуы керек. Жоғары тұсында бірсыпыра жол бөлшектері ғана сақталған (2-кесте).

3 Нәтижелер

2022–2023 жылдары бірлескен экспедицияның барлау, іздестіру жұмыстары нәтижесінде жергілікті тұрғын – Дорж Дамдин ақсақалмен бірге 2023 жылы тамыздың 18-і күні бітіктастың төменгі сынық бөлігін, «Номгон» ғұрыптық кешендерінен 40 км солтүстік шығыстағы тау төбесіндегі моңғол мазар бейіттер ішінен анықтап, таптық. Дорж Дамдин ақсақалдың айтуынша «... социализм дәуірі... 1970 жылдары мазар бейітке арналған тас табылмайтын кезеңдерде осындай кешендердің тастарын бейіттерге пайдаланған...» екен. Жергілікті моңғол әйелінің мазар басына цементпен қадап орнатқан бітіктастың төменгі бөлігінде «Ум мани пад ни хум, П. Долгор, 1939–1978» деп қашалып жазылған мәтін бар. Моңғолияның ресми мекемелерінің және ағайын-туыскандарының рұқсаты бойынша бітіктастың төменгі бөлігі алынып, аталмыш моңғол мазарға жаңа бейітас ауыстырылып орнатылды (1–3 сур.).

«Номгон-2» ғұрыптық кешеніндегі тасбақа тұғырының ойық саңылауының өлшемі мен табылған құлпытастағы шығыңқы жердің сұқпасы, яғни сұңғысы алдын ала салыстырмалы талдау негізінде сол бітіктастың екінші төменгі бөлігі екенін толық анықтадық.



1-сур. «Ухаа» деген қазіргі моңғол мазарлары. 2023 ж. Фотосурет А. Энхтөрдікі
Fig. 1. «Ukhaa» – a modern Mongolian burial ground. 2023. Photo: A. Enkhtor
Рис. 1. «Ухаа» – современный монгольский могильник. 2023 г. Фото: А. Энхтур



2-сур. Бітіктастың сұңғысын (сұқпасын) жоғары
қаратып қойған көрінісі. 2023 ж.
Фотосурет Н. Базылхандікі
Fig. 2. View of the stele pin pointing upwards. 2023.
Photo: N. Bazylkhan
Рис. 2. Вид основания наверх стелы,
направленного вверх. 2023 г. Фото: Н. Базылхан



3-сур. Жаңа бейіт таспен алмастырған кез. 2024 ж.
Фотосурет Г. Батболддікі
Fig. 3. Replacement with a new tombstone. 2024.
Photo: G. Batbold
Рис. 3. Замена современным надгробием. 2024.
Фото: Г. Батболд



4-сур. Бітіктастың жоғарғы және төменгі бөлігі. 2023 ж. Фотосурет А. Энхтөрдікі
Fig. 4. Upper and lower parts of the stele. 2023. Photo: A. Enkhtor
Рис. 4. Верхняя и нижняя части стелы. 2023 г. Фото: А. Энхтур



5-сур. Бітіктастың төменгі бөлігі реставрациядан кейін. Алдыңғы беті – I төменгі бөлігі.
2024 ж. Фотосурет А. Энхтөрдікі
Fig. 5. The lower part of the stele after restoration. Front side - I lower part. 2024. Photo: A. Enkhtor
Рис. 5. Нижняя часть стелы после реставрации. Лицевая сторона – I нижняя часть. 2024 г. Фото: А. Энхтур



6-сур. Бітіктастың төменгі бөлігі реставрациядан кейін. Артқы беті – III төменгі бөлігі. 2024 ж. Фотосурет Н. Базылхандікі
Fig. 6. The lower part of the stele after restoration. Reverse side – III lower part. 2024. Photo: N. Bazykhan
Рис. 6. Нижняя часть стелы после реставрации. Обратная сторона – III нижняя часть. 2024 г. Фото: Н. Базылхан



Жаңадан табылған бітіктастың төменгі бөлігі жағына жазылған мәтіндер айтарлықтай тозған. Бітіктастың төменгі бөлігін қалпына келтіру үшін Моңғолия астанасы Ұланбатыр қаласындағы Моңғолия Ұлттық мәдени мұра орталығына жеткізілді (4–6 сур.). Осы орталықтың директоры Галбадрах Энхбат пен реставратор С. Даваадарь қалпына келтіру істерін жүргізді. Бітіктастың төменгі бөлігі қалпына келтірілгеннен кейін реставратор-маман Dr. Түмэндэлгэр Эрдэнэцогт аталмыш екі бөлігінің 3D жаңғыртпасын жаңадан жасады (7–9 сур.).




7-сур. Бітіктастың 3D жаңғыртпасы. 2024 ж.: 1 – сол қыры – II; 2 – алдыңғы беті – I; 3 – оң қыры – IV;
4 – артқы беті – III. Фотосурет А. Энхтөр мен Т. Эрдэнэцогткі
Fig. 7. 3D rendering of the inscription. 2024: 1 – left side-II; 2 – front side-I; 3 – right side-IV; 4 – back side-III.
Photo: A. Enkhtor, T. Erdenetsogt
Рис. 7. 3D-визуализация стелы. 2024 г. 1 – левая сторона-II; 2 – лицевая сторона-I; 3 – правая сторона-IV;
4 – обратная сторона-III. Фото: А. Энхтур, Т. Эрдэнэцогт



8-сур. Бітіктастың жоғары және төменгі бөлігі мен тасбақа тұғыры өлшемдері.
2023 ж. Фотосурет А. Энхтөр мен Н. Базылхандікі

Fig. 8. Dimensions of the stele with the inscription and the turtle pedestal. 2023. Photo: A. Enkhtor, N. Bazylkhan

Рис. 8. Размеры стелы с надписью и постамента в виде черепахи. 2023. Фото: А. Энхтур, Н. Базылхан



9-сур. Алдыңғы беті–I жоғарғы бөлігінің көне түрік бітік жазулы мәтіні.
Эстампаждық негіздегі сызбасы. 2024 ж. Орындаған: Н. Базылхан, А.Энхтөр мен Г. Батболд

Fig. 9. Upper part of the front side-I with ancient Turkic script. Drawing on the base of the Estampage. 2024.
Performers: N. Bazykhan, A. Enkhtor, G. Batbold

Рис. 9. Верхняя часть лицевой стороны-I с древнетюркской надписью.
Прорисовка выполнена на основе эстампажа. 2024 г. Исполнители: Н. Базылхан, А. Энхтур, Г. Батболд



1-кесте – Алдыңғы беті–I жоғарғы бөлігінің көне түрік бітік жазулы мәтіні. 2024 ж. Н. Базылхан, А. Энхтөр, Г. Батболд

Table 1 – The upper part of the front side-I is written in Old Turkic script. 2024.

N. Bazykhan, A. Enkhtor, G. Batbold

Таблица 1 – Верхняя часть лицевой стороны-I с древнетюркским текстом. 2024 г.

Н. Базылхан, А. Энхтор, Г. Батболд

Жол	Латынша транскрипциясы	Қазақшасы
1	ud yıl: toqzunč: ay: [y.....]	Сыр жыл: тоғызыншы: ай: [.....]
2	[ed?]kim: üčün: üčünčü[k.....]	[ed?]+кім: үшін: үшінші[k.....]
3	almış: Teḡri: oylu: [.....]	алдым: Тәңірі: ұлы: [.....]
4	[Q]utluγ qayan: Tūrük [.....]	[Қ]ұтлыққаған: Түрік [.....]
5	ur oylum: yüz yüz [.....]	ер ұлым: жүз жүз [.....]
6	[r]: biziγ:öñlüγ: [sek.....]	[r]: біздің: өңді: [s.....]
7	:itdīm: [sizi //bizi?]: yater: [.....]	:еттім: [сізі /бізі/?]: жат ер: [.....]
8	yerde: qa[z].. toz.....[.....]	жерде: қа[з].. тоз.....[.....]
9	tümen: tümen: [.....]	түмен: түмен: [.....]
10	atadīm: bin[?]biγ[bīč?]dīm [.....]	атадым:мың[?] [кес?] тім [....]
11	isig :küčüg: ber[+.....]	істі:күшті: бер-[+.....]
12	es[?] :qop ešti [.....]	ес[?] :көп тындады[естідік] [....]
13-19?



10-сур. Бітіктастың Оң қыры IV жоғарғы бөлігіндегі көне соғдыша мәтін: 1 – фотосурет; 2 – эстампаждық негізді сызбасы. Фотосурет пен сызба Н. Базылхандікі, 2022 ж.

Fig. 10. Ancient Sogdian text on the upper part of the Right Side IV of the Inscription: 1 – photo;

2 – drawing on the basis of the Estampage. Photo and drawing: N. Bazykhan, 2022

Рис. 10. Древний согдийский текст в верхней части правой стороны IV надписи: 1 – фото;

2 – прорисовка, выполненная на основе эстампажа. Фото и прорисовка: Н. Базылхан, 2022 г.



2-кесте – Бітіктастың Оң қыры IV жоғарғы бөлігіндегі көне соғдыша мәтін.

2022 ж. Н. Базылхан

Table 2 – Ancient Sogdian text in the upper part of the right side of inscription IV.

2022. N. Bazylkhan

Таблица 2 – Древний согдийский текст в верхней части правой стороны IV надписи.

2022 г. Н. Базылхан

	Латынша транскрипциясы	Қазақшасы
	Ttir...	Ttr...
	Qutlug x'g'n	Құтлық қаған
	...?	...?
	...?	...?
	...?	...?
	...?	...?

«Номгон-2» бітіктасының артқы беті – III, қытайша мәтін

Бұл бітіктастың жоғарғы бөлігі алғаш рет 2022 жылы қазбадан табылған кезде Артқы бет – III жағының жоғарғы бөлігінің сол жағында бірнеше сызықтар көрінді. Біз оны алдымен «ескі брахми жазуы немесе қытай» мәтінінің бір бөлігі деп топшылаған едік. Көлбеу бұрыштарында 4×4 см тікбұрышты сызықтарға бірнеше таңба-әріптер ойылған болатын (10-сур.). Диагональды сызықтардың үштен үш бөлігі ғана сақталған. Әріптер осы сызықтар қиылысатын жерде жазылған және біз оларды ескі брахмиге өте ұқсас деп тапқандықтан, брахми жазуының әріптері ретінде бірнеше әріпті қабылдауға тура келді [«Nomgon-2» Anıt Külliyesi 2023... 2023: 109, 121–122].

Алайда бұл мәтіндердің көпшілігі адам танымастай толықтай өшіп, үгіліп жоғалып кеткен. Бітіктастың осы тұсы өте зақымдалған болатын. Дегенмен, мәтін жазуы мен таңба-әріптерді зерттеуді жалғастырдық. 2023 жылы бітіктастың төменгі бөлігі табылған соң осы бет тұсында көне қытай жазулы мәтін бар екендігі анық болды¹.

¹ Одан кейін бітіктастың төменгі бөлігінің қытай тіліндегі мәтінін оқу мақсатында ҚХР Ішкі Моңғолия университетінің моңғол тарих ғылымы бөлімінің профессоры, доктор Боржигитай Мөрөн, доктор Чуй Нинг, доктор Шугар арнайы шақырылып, олар Моңғолия астанасы Ұланбатыр қаласындағы Моңғолия Ұлттық мәдени мұра орталығында бітіктастың қытай тіліндегі мәтінді зерттеді. Зерттеулер әлі де жалғасып жатыр



11-сур. Қытайша мәтін бөлігінің 3D жаңғыртпасы. 2024 ж. Сурет А. Энхтөр мен Т. Эрдэнэцогткі
Fig. 11. 3D-reconstruction of a part of the Chinese text. 2024. Photo: A. Enkhator, T. Erdenetsogt
Рис. 11. 3D-реконструкция фрагмента китайского текста. 2024 г. Фото: А. Энхтур, Т. Эрдэнэцогт

Қытайша мәтіндегі кейбір сөздерге түсініктемелер

«Номгон-2» бітіктасының жоғарғы және төменгі бөліктеріндегі қытай мәтіндегі иероглифтер Таң дәуіріндегі (634, 633, 642, 653 жылдар) құлпытастардағы иероглифтерге өте ұқсас болып, олардың бір дәуірден екенін көрсетеді.

Қытай мәтіні тігінен жоғарыдан төменге бағытталып, оңнан солға қарай жазылған (11-сур.). Қазір оқылатын мәтін бөліктері 3-8 жолдардағы 21 иероглифтер (4–5-кесте):



5-кесте – Номгон-2 бітіктасы, Артқы беті – III төменгі бөлігі,
қытайша мәтіні оқылған иероглифтері (3-8-ші жолдар)

Table 5 – Inscription Nomgon-2. Reverse side – lower part III,
Chinese text with readable hieroglyphs (lines 3–8)

Таблица 5 – Надпись Номгон-2. Обратная сторона – нижняя часть III,
китайский текст с читаемыми иероглифами (строки 3–8)

Жолы мен иероглиф	Иероглиф түрі	Қытайша оқылуы (пинюнь оқылымы) (汉语拼音)	Мағынасы
3-жол			
	東	“dong”	“сол,шығыс”.
	補	“bey”	“ескерткіш, ұстын тас, құлпытас”.
	文	“wen”	“бітіктас, жазу, қаріп”.
4-жол			
	突	“tu”	“Түрік, Түріктер”
	厥	“jue”	
	聖	“sheng”	“ұлық, үлкен, әзіз, ақылды адам, білімді адам
	骨	“gu”	“Құтлық”.
	咄	“duo”	
	祿	“lu”	
5-жол			
	儀	“yi”	“бой дене, рәсім, жосын, ғибадат, жоралғы”
	超	“chao”	“төнеу, асу, бос болу, айырылу”
	群	“qun”	“бөлік, кесе, көп”.
	比	“bi”	“таныту, салыстыру, теңестіру, бірдей болу”.
	為	“wei”	“жасау, істеу, әрекет ету, болу”
6-жол			
	師	“shi”	“ұстаз, мысал, тағлым, сабақ”
	問	“wen”	“сұрау, үйрену, ұсыну, жауап алу, міндеттену”.
7-жол			
	補	“bu”	“ қатынасу, сабақтастыру”.
	無	“wu”	“жетіспеу, жоғалу”
	加	“jia”	“қосу, көбейту, көп болу”
	工	“gong”	“іс, жұмысшы, жұмыстау”
	閣	“ge”	“орда, сарай, үй, бөлме, ғибадахана”
8-жол			
	薨	“Hong”	“өлмек, өлу, қайтыс болу, басу, толып кету, қарама-қарсы”



4 Талқылаулар

Бітіктастың қытайша мәтінінде 4-інші жолда толық оқылып, анықталған 6 иероглиф бар. Олар : 突厥圣 ... 骨咄祿 - «**tū jué shèng ... gǔ duō lù...**» деп оқылды. Мұнда «**tū jué shèng** (ту жуэ шенг)» – «**Түрік ұлық** (кемеңгер, қасиетті)» деген мағынада. Ал, 骨咄祿 - «**gǔ duō lù** (гу-дуо-лу)» – «**Құтлұқ**» болып оқылды.

Бұл осы бітіктастың көне түрік бітік жазулы мәтініндегі «Qutluq qaγan (Құтлұқ қаған)», ал соғдыша мәтініндегі «Qutlug x'g'n» (Құтлұғ қаған) қолданысымен бірдей. Сөйтіп, осы бітіктастың үш тілді мәтінінде де «Құтлық қаған» деп жазылып, ерекше аталып тұр.

Қытай әулеттік жазбаларында көне түріктердің «гу-дуо-лу» деген атаумен «**Gudolu-tegin**» (Құтлық тегін, 618), «**Bitsya-gudolu -kehan**» (Білге Құтлық қаған, 736), «**Gudolu-yabgu**» (Құтлық йабғу, 742) тұлғалары хатталған [Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері 2006: 151, 179–180,193, 194].

Қытай әулеттік жазбаларында Түрік қағандығын жаңғыртушы Құтлық Елтеріс қағанды (682–693) 颉跌利施可汗-«**Sie Dilishi Khan**» деп хаттаса, оның інісі – Құтлықтан кейін қаған тағына отырған 纥骨可汗 >Бөгү қағанды («Мочо»-ны) 默啜可汗- «**mò chuài kè hán**» дейді.

«Бірінші мемлекет көмекшілер сөздігінде» (资治通鉴 – zī zhì tōng jiàn-Цзыжи Тунцзянь) және “Zi fu yuan gui” (册府元龟 – cè fǔ yuán guī-Цзы фу юань гуй) жазбасында «Мочо» Бөгү қаған, яғни Қапаған қағанның (693–716) атағын “天上得果报天男突厥圣天骨咄祿可汗 – tiān shàng dé guǒ bào tiān nán tū jué shèng tiān **gǔ duō lù kè hán**» – «Тәңірі жаратқан Тәңірі ұлы Түрік ұлық Тәңірі **Құтлық қаған**» деп жазады.

«Синь Тан шу. Түріктер тарихы» бөлімінде : «...Вухоу патша осы жолғы жорықты мадақтап, Мочоға «тэцинь» (тегін) лауазыммен қоса, «седелиши да чаньюй» (илтериш, ұлы тәңірқұт), «лигунбаого кэхань» (еңбек сіңіріп патшалыққа қызмет көрсеткен қаған) деген атақтарды беру туралы...» [Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері 2006: 181, 130] деп кездеседі.

Сондай-ақ Білге қағанның ұлы Тәңірі қағанды (716) (登利可汗 – «**dēng lì kè hán**») «Түрік Білге **Құтлық қаған**» (突厥苾伽骨咄祿可汗 – «**tū jué bì jiā gǔ duō lù kè hán**») деп хаттаған.

Осы ретте «Номгон-2» бітіктастың қытайша мәтініндегі 突厥圣...骨咄祿 – **tū jué shèng ... gǔ duō lù...** «**Түрік ұлық Құтлық...**» атауы Құтлық Елтеріс қағанды немесе оның інісі «Мочо» Бөгү қағанды, яғни Қапаған қағанның қытайша лауазымы бойынша 突厥圣天骨咄祿可汗 – tū jué shèng tiān gǔ duō lù kè hán – «**Түрік Ұлық Құтлық қаған**»-ды меңзеп тұрғандығы анық.

Қазақстандық синолог Ю.А. Зуев: «...Түрік қағандары таққа отырғанда жаңа атақ алды, бірақ қытай шежірешілері, әдетте, мүлде басқа адам туралы айтып жатыр екен деген ойдан аулақ болу, шатастырмау үшін, оларды бұрынғы атымен атағанды жөн көріп, тек анда-санда ғана нақты қаған атын қосып жазып отырды....» деп, көне түрік бітіктастарда аталатын Құтлық қаған (682–691), «бірінші» Елтеріс, сонымен қоса, қытай деректеріндегі «Тэ-цинь Седелиши Да шаньюй ли гун бао го кэхань» дегені «екінші» Елтеріс, яғни Қапаған қаған (693–716), ал тіпті басмылдардың көсемі «Седеиши хэла пицзя кэхань» дегені «үшінші» Елтеріс (748) деп шартты түрде атауға болады дейді [Зуев 2022: 82–83].

Түрік қағандығын Құтлық қаған, яғни Елтеріс қаған (682–695), Қапаған қаған (695–716) және Білге қаған (716–734) осы үш қаған 682–734 жылдары 52 жыл бойы биледі.

Құтлық қағанның арғы аталарының шежіресін зерттеуші Лю Мау-Цай былайша тізбектейді [Liu Mau-Tsai 1958a: 212–213; Liu Mau-Tsai 1958b: 833–834]. Олар:

1. ...Ити-ми-то Фу (бек)
2. Ку-ту-лу Хиэ-кин



3. Ашина Ку-то-лу (Құтлық Елтеріс қаған)
Құтлық қағаннан кейін қаған тағында:
4. Қапаған [Бөгү, «Мо-чжо»] қаған (695–716)
5. Білге қаған (716–734)
6. Тәңірі [«Ижан»] қаған (734–742)
7. Білге Құтлық Тәңірі қаған (742–743) отырып, билік жүргізді.

Қорытынды

Бүгін Құтлық қаған, Құтлық қағанның екінші інісі Ел Етміш йабғұ (қытайша «Досифу») («Онгин» ғұрыптық кешені), Білге қаған және Күлтегінге арналған көне түрік бітік жазулы мәтіндері бар бітіктастар нақты анықталған.

Бірақ Құтлық қағанның бірінші інісі Қапаған қағанның құрметіне арналған бітіктас болған-болмағандығы әлі белгісіз. «Номгон-1» ғұрыптық кешені Құтлық қаған кешеніне жақын орналасқандықтан Қапаған қағанға арналған болуы мүмкін. Алдағы археологиялық қазба жұмыстары барысында Қапаған қағанның, сондай-ақ оның ұлы Бөгүдің, яки «кіші қағанның» және оның әулетінің бәлкім, түрік қағандарының «ешир» (ашина) деген атпен белгілі басқа да өкілдерінің де бітіктастары табылуы бек мүмкін.

Номгон алқабының ғұрыптық кешендері өзара жалпы ұқсас құрылымды, бірақ көлемі жағынан да ерекшеленетін бірегей құрылымдары бар. Олардың ішіндегі ірі кешен – «Номгон-2» кешені, оның жалпы ауданы 60×40 м, орташа өлшемді кешені – «Номгон-1», ауданы 53×42 м, сондай-ақ басқа кішігірім ғұрыптық кешендер деп бөліп қарастыруға болады [Энхтөр және т.б. 2022: 69–75].

Түркі академиясы мен Моңғолия Ғылым академиясы Археология институтының бірлескен экспедициясы Номгон жазығындағы көне түрік дәуірінің 9 ғұрыптық кешеніне археологиялық қазба жұмыстарын жалғастырып келеді. Бүгінде «Номгон-2» ғұрыптық кешенінде археологиялық қазба зерттеулері 2019, 2022, 2023 жылдары толық атқарылды [«Nomgon-2» Anıt Külliyesi 2023... 2023]. Ал «Номгон-2» бітіктасындағы қытайша мәтіннің өшіңкі тұстарының зерттеулері әлі да жалғасып жатыр.

2024 жылы «Номгон-1» ғұрыптық кешеніндегі археологиялық қазбалар жалғасып келеді. Жақын болашақта Құтлық Елтеріс қаған мен оның інісі Қапаған қаған заманына қатысты Номгон кешендерінің археологиялық қазбалары нәтижесінде тың артефактілер мен олжалар анықталар деп ойлаймыз.

«Номгон-2» бітіктасы жазуын, яғни Құтлық Елтеріс қаған бітіктасын Орхон ескерткіштері сияқты әлемдік деңгейдегі маңызды жазба ескерткіш мұрасы ретінде бағалаймыз.

2026 жылы зерттеледі деп жоспарланған «Номгон-1» және «Номгон 3–9» ғұрыптық кешендерінен келешекте маңызды археологиялық олжалар табылады деп ойлаймыз. Одан әрі ғылыми зерттеулер аясында «Номгон 1–9» ғұрыптық кешендерін сақтау, қалпына келтіру және ашық музей құру мәселесі де қарастырылатын болады.

Алғыс. Авторлар Түркі академиясының бұрынғы президенті Дархан Қыдырәлі мырзаға Номгон алқабындағы археологиялық қазбаларға көрсеткен көмегі мен күш-жігері үшін ерекше алғыс білдіреді.

АВТОРЛЫҚ ҮЛЕС

Ш. Мустафаев: материалдарды сараптау, мәтінді талдау, тұжырымдама жасау, қолжазбаны редакциялау.

А. Энхтөр: материалдарды жинақтау, сараптау, тұжырымдама жасау, қолжазбаны редакциялау, баспаға дайындау.



- Н. Базылхан:** материалдарды жинақтау, сараптау, тұжырымдама жасау, қолжазбаны редакциялау, баспаға дайындау.
- Б. Мөрөн:** қытайша мәтінді оқу, сараптау, тұжырымдама жасау, қолжазбаны баспаға дайындау.
- Г. Батболд:** қытайша мәтінді оқу, сараптау, қолжазбаны баспаға дайындау.
- Н. Бөгенбаев:** материалдарды жинақтау, сараптау, қолжазбаны баспаға дайындау.
- Ц. Буянхишиг:** материалдарды жинақтау, сараптау, қолжазбаны баспаға дайындау.
- М. Барс:** материалдарды жинақтау, сараптау, қолжазбаны баспаға дайындау.
- Цуй Нинг:** қытайша мәтінді оқу, сараптау.
- Шугар:** қытайша мәтінді оқу, сараптау.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Зув Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. 338 с.
- 2 Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар / Ред. М.Х. Әбусейітова. 2-бөлім. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 480 б.
- 3 Қыдырәлі Д., Энхтөр А., Базылхан Н., Бөгенбаев Н., Буянхишиг Ц., Батболд Г. Номгон-2 көне түрік ғұрыптық кешені зерттеулерінің кейбір нәтижелері // Қазақстан археологиясы. 2023. № 1 (19). 68–83-бб.
- 4 Энхтөр А., Дархан К., Напил Б., Нурболат Б., Буянхишиг Ц., Батболд Г., Далантай С. Кутлуг хааны тахилын онгон цогцолбор, гэрэлт хөшөө // Археологийн судлал. *Studia Archaeologica*. Tomus XLI, Fasciculus 7. Улаан баатар, 2022. S. 69–86.
- 5 Darhan Kıdırali, Altangereliin Enhtör, Napil Bazylkhan, Nurbolat Bögenbayev, Tserenhandiin Buyanhişig, Gonçigiin Batbold. Qutluk kağan anıt külliyesi ve yazılı bitigtaş (Türk Akademisi, Moğolistan Bilimler Aka demisinin Arkeoloji Enstitüsü “Nomgon-2019, 2022” ortak heyetinin bilimsel ön raporu) // *Türk Kültürü Dergisi*. Yıl 60. Yeni seri cilt XV. Sayı 2. Ankara, Güz 2022/2. S. 1–22.
- 6 Liu Mau-Tsai. Die Chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Türken (T’U-KÜE) von Liu Mau-Tsai. I. Buch. Texte. (The Chinese News on the History of the Eastern Turks (T’U-KÜE) by Liu Mau-Tsai. Book I. Texts.). Otto Harrassowitz-Wiesbaden, 1958a. S. 1–484.
- 7 Liu Mau-Tsai. Die Chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Türken (T’U-KÜE) von Liu Mau-Tsai. II. Buch. Anmerkungen-Anhänge- Index. (The Chinese News on the History of the Eastern Turks (T’U-KÜE) by Liu Mau-Tsai. Book II. Notes-Appendices-Index.). Otto Harrassowitz-Wiesbaden. 1958b. S. 485–831.
- 8 «Nomgon-2» Anıt Külliyesi 2023 Yılı Arkeolojik Kazı Çalışmaları Raporu 2023. Proje Yöneticisi: Prof. Dr. Şahin Mustafayev Hazırlayanlar: Altangereliin Enhtör, Napil Bazilhan, Gonçigiin Batbold, Nurbolat Bögenbayev, Tserenhandiin Buyanhişig Türk Akademisi, Moğolistan Bilimler Akademisi Arkeoloji Enstitüsü. Astana, 2023. 168 s.

REFERENCES

- 1 Zuev, Yu. A. 2002. *Rannie tyurki: ocherki istorii i ideologii (Early Turks: essays on history and ideology)*. Almaty: “Daik-Press” Publ. (in Russian).
- 2 Abuseitova, M. Kh. (ed.). 2006. *Kazakstan tarikhy turaly kytay derekemeleri*. IV tom. *Әулеттік тарихи жылнамалар*. 2-бөлім. (Chinese sources on the history of Kazakhstan. Vol. IV. *Dynastic historical chronicles*. Part 2). Almaty: “Daik-Press” Publ. (in Kazakh).
- 3 Kydyrali, D., Enkhtur, A., Bazylkhan, N., Bogenbayev, N., Buyanhişig, T., Batbold, G. 2023. In *Kazakstan arheologiyasy (Khazakhstan Archeology)* 1 (19), 68–83 (in Kazakh).
- 4 Enkhtur, A., Darkhan, K., Napil, B., Nurbolat, B., Buyanhişig, Ts., Batbold, G., Dalantai, S. 2022. In *Archaeological studies* vol. XLI, Fasciculus 7, 69–86 (in Mongolian).
- 5 Darhan Kıdırali, Altangereliin Enhtör, Napil Bazylkhan, Nurbolat Bögenbayev, Tserenhandiin Buyanhişig, Gonçigiin Batbold, 2022. In: *Türk Kültürü Dergisi* Yıl 60. Yeni seri cilt XV. Sayı 2. Ankara, Güz /2, 1–22 (in Turkish).



- 6 Liu Mau-Tsai, 1958a. *Die Chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Türken (T'U-KÜE) von Liu Mau-Tsai. I Buch. Texte. (The Chinese News on the History of the Eastern Turks (T'U-KÜE) by Liu Mau-Tsai. Book I. Texts.)*. Otto Harrassowitz-Wiesbaden, 1–484 (in German).
- 7 Liu Mau-Tsai, 1958b. *Die Chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Türken (T'U-KÜE) von Liu Mau-Tsai. II. Buch. Anmerkungen-Anhänge-Index. (The Chinese News on the History of the Eastern Turks (T'U-KÜE) by Liu Mau-Tsai. Book II. Notes-Appendices-Index.)*. Otto Harrassowitz-Wiesbaden, 485–831 (in German).
- 8 «Nomgon-2» Anıt Külliyesi 2023 Yılı Arkeolojik Kazı Çalışmaları Raporu (“Nomgon-2” Memorial Complex 2023 Archaeological Excavations Report). 2023. Proje Yöneticisi: Prof. Dr. Şahin Mustafayev Hazırlayanlar: Altangereliin Enhtör, Napil Bazilhan, Gonçigiin Batbold, Nurbolat Bögenbayev, Tserenhandiin Buyanhişig Türk Akademisi, Moğolistan Bilimler Akademisi Arkeoloji Enstitüsü. Astana (in Turkish).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 02.04.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 29.07.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 30.07.2025.

